

## Психологиялық қызмет жұмысының қорытындысы

Психологиялық қызметтің жұмысы Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, «Бала құқықтары туралы конвенцияға», «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 бұйрығына, сондай-ақ осы Ережелер аясында жүзеге асырылады. Психологиялық қызметтің жұмысын психолог Абдуалиева З. Алмасова Ж. атқарады.

Психологиялық қызметтің тиімді жұмыс жүргізуіне арнайы жабдықталған кабинет бар. Психологиялық қызметтің жұмысы мектеп директорымен келісілген және бекітілген жоспар бойынша жүзеге асырылады. Психологиялық қызметтің мақсаты мен міндеттері оқушылардың оқу және тәрбие үрдісінде кездесетін нақты психологиялық мәселелерді шешуге бағытталған. Жұмыстарды іске асыру әкімшіліктің, педагогтардың, психологтардың, оқушылар мен олардың ата-аналарының бірлескен қызметінде жүзеге асырылады.

Психологиялық қызметтің ең маңызды тиімді бөлігін психодиагностика атқарады, себебі оқу-тәрбие жұмысын оңтайландыру мақсатында оқушының жеке-психологиялық ерекшелігін, балалар ұжымының әлеуметтік-психологиялық мінездемесін айқын көрсетеді. Психодиагностиканың негізгі әдістері - тесттер, сауалнамалар, бақылау. Жыл сайын мектепте оқушыларға диагностика жүргізіледі.

### 1-сынып оқушыларының бейімделуі

Мақсаты: 1-сынып оқушыларының мектептің психологиялық - педагогикалық талаптарына бейімделуін анықтау және психологиялық - мәселелерді жою үшін жағдай жасау.

Оқу жылы	Саны	Жоғары	Орташа	Төмен
2021-2022	69	39%	56%	4%
2022-2023	64	35%	65%	-
2023-2024	91	33%	64%	3%

Бірінші сынып оқушылары арасында бейімделудің орташа деңгейі басым деген қорытынды жасауға болады.

### 1-сынып оқушыларының оқу мотивациясы

Оқушылардың мектептегі мотивациясының деңгейін тексеру Н.Г. Лусканованың сауалнамасы бойынша жүргізіледі.

Әдістеменің мақсаты - білім алушылардың оқу мотивациясын, олардың мектепте оқуға деген эмоционалды қатынасын зерттеу.

Оқу жылы	Саны	Жоғары	Орташа	Төмен
2021-2022	69	65%	35%	-
2022-2023	64	63%	37%	-

2023-2024	91	67%	33%	-
-----------	----	-----	-----	---

1-сынып оқушыларының оқуға деген мотивациясының нәтижелері бойынша жоғары деңгейі басым деген қорытынды жасауға болады.

**Оқушылардың бастауыш сыныптап орта буынға психологиялық дайындығын байқау.**

Оқу жылы	Саны	Жоғары	Орташа	Төмен
2021-2022	89	42%	58%	-
2022-2023	95	44%	56%	-
2023-2024	94	50%	40%	10%

Қорытындылай келе, 4 –сынып оқушылары арасында оқуға дайындық деңгейі қалыпты деп қорытынды жасауға болады.

Әр оқу жылының қазан айында кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивті, бейәлеуметтік және тәуелділік жүріс-тұрыстардың алдын алу және инклюзивті білім беруді жүзеге асыруға ықпал ету және қарым-қатынас деңгейін анықтау мақсатында зерттеу жүргізілді.

**7-9 сынып оқушыларының аутодеструктивті, бейәлеуметтік және тәуелділік жүріс-тұрыстардың алдын алуға бағытталған жұмыс нәтижелері**

Оқу жылы	Оқушылар саны	Депрессия деңгейі			Невротикалық жағдайдың деңгейі			Қарым-қатынас деңгейі		
		Жоғ	орт.	Төм	Жоғ	орт.	Төм	Жоғ	орт	Төм
2021-2022	237	-	31	206	-	6	231	232	5	-
2022-2023	234	-	42	192	-	9	225	230	4	-
2023-2024	234	-	29	205	-	4	230	230	4	-

Оқушылардың талдау нәтижелері бойынша 7-9 сынып оқушылары арасында аутодеструктивті жүріс-тұрыстың қауіпті көзқарасы бар оқушылар анықталған жоқ, ал үш жыл ішінде қарым-қатынас деңгейі төмен және депрессия мен невротизация деңгейі жоғары оқушылар анықталған жоқ.

**5-11 сынып оқушыларының оқу мотивациясының деңгейі**

Оқу жылы	Оқушылар саны	Жоғары деңгейі%	Орташа деңгейі %	Төмен деңгейі%
2021-2022	447	41%	55%	4%
2022-2023	448	29%	53%	18%
2023-2024	470	37%	58%	5%

Кестеде 5-11 сынып оқушылары арасында оқу мотивациясының орташа деңгейі бар оқушылар басым екендігі көрінеді. Диагностика қорытындысына сай мұғалімдерге кеңестер берілді.

Жасөспірімдердің өмірлері мен білім алуларына дұрыс және қауіпсіз жағдай жасау, интеллектуалды, рухани және дене күшінің дамуын қамтамасыз ету мақсатында «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» тақырыбында қыздар жиналысында тренинг жаттығуы жүргізілді. Мақсаты: қыз балаға адамгершілік, адалдық, іс – қимыл, жүріс – тұрыс дағдысы қыз намысы, сымбаты туралы жан - жақты мағұлмат беру арқылы қыз балалардың бойына рухани – адамгершілік, әдептілік, сыпайлық, имандылық, тазалық қасиеттерді дамыту. «Қыздар қауымы қандай болу керек?», «Қазақ қызы қайдасың?», «Жылы жүрек- жақсы тілек», «Мен ғажаппын!» атты іс-шаралар өткізілді.

Мектебімізде оқушылар арасында буллингтің алдын алу мақсатында психологиялық іс-шаралар жүргізіледі. Жасөспірімдер арасындағы буллинг – кешенді тәсілді қажет ететін мәселе. Мектептегі буллингтің алдын алу бойынша жасырын сауалнамалар жүргізіліп, «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ», «Мен әлеуметтік желідегі зорлық-зомбылыққа қарсымын», «Әлеуметтік желінің, онлайн ойындардың зияны» тақырыптарында оқушыларға іс-шаралар өткізілді. «Балалардың интернетке тәуелділігі – жаңа дерт!», «Балалардың желідегі қауіпсіздігі буллинг және кибербуллинг», «Кибербуллинг: қауіпсіздікті қалай қамтамасыз етуге болады?» «Мықты отбасы – ел болашағы» тақырыптарында ата-аналармен дөңгелек үстел өткізілді. *Мақсаты:* Бала тәрбиесіндегі ата - ананың алатын орны ерекше екендігін түсіндіру. Отбасы мүшелері арасындағы бауырмалдық, достық қарым - қатынасты қалыптастыру, отбасы мемлекетіміздің бір бөлшегі екенін ұғындырып, оқушыларды ынтымақ пен ұжымдыққа тәрбиелеу. «Отбасылық ортада біз өсеміз!» тақырыбында интерактивті қарым-қатынас іс-шарасы өтті.

Психолог инклюзивті білім беру бойынша ПМПК ұсынымдарын ескере отырып, оқушылармен тұрақты жеке жұмыс жүргізіледі. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға тиімді көмек жүйесі құрылып, олардың тәрбиесіне, оқуына, еңбектік және кәсіптік дайындығына, бала мүгедектігінің алдын-алуға байланысты мәселелерді шешуге бағытталған іс-шараларда оқушылардың таным процестері зерттеліп, бала мен ата-аналарының қарым-қатынастары анықталды.

#### Ерекше білімді қажет ететін оқушылар

2021-2022ж оқу жылының басында	2022-2023ж оқу жылының соңында	2023-2024ж оқу жылының соңында
6 оқушы	5 оқушы	5 оқушы

Оқушылардың басым көпшілігі психологиялық дамуы тежелген, жалпы сөйлеуі бұзылған деген сияқты қосымша диагноздары бар. Психологтың

балаға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуі мынадай бағыттарда іске асырылып отыр:

Диагностикалық бағыт

Түзету-дамыту бағыты

Әлеуметтік-бейімдеу бағыты.

Көрсетілген оқушылармен кестеге сәйкес жұмыстар жүргізілуде.



Сонымен қатар, оқушылармен жекелей «Өз портретім», «Қарым-қатынасты дамыту» тренинг жаттығуы өткізілген болатын. Тренингтің мақсаты: балалардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін және әр баланың мүмкіндігін ескере отырып, ақыл-ой, адамгершілік, танымдық қабілеттерін дамытуға бағыт-бағдар беру.

Түзету сабақтарының нәтижесінде, әрбір тізімдегі оқушыда оқу жылының басына қарағанда біршама өзгерістер бар. Ерекше білімді қажет ететін оқушылармен уақытылы жұмыстар атқарылып, талдау жасалып отырылады. Оқушылардың психикалық процестерін дамыту үшін түзету-дамыту жаттығулары өткізу жалғастырылады.

Оқушылардың психикалық денсаулығын сақтау мақсатында «Менің бейнем», «Эмоция», «Айна» тақырыптарында тренинг жаттығулар өткізіліп, өзіне-өзі көмек беру бойынша кеңестер ұсынылды. Аутодеструктивті мінез-құлықты байқау, алдын алу үшін ата-аналар жиналыстарында «Отбасында баламен қарым-қатынас жасау ережелері», «Бала бойындағы рухани қазына» атты тақырыптарда кеңестер ұсынылып, баяндамалар оқылды, жадынамалар таратылды.

Психологиялық ағарту бағыты бойынша ата-аналарды, балаларды психологиялық біліктілікке баулып және әдістемелік кеңесте, ата-аналар жиналысында баяндамалар, әңгімелесулер, тренинг жаттығулары, топтық және жеке консультациялар, жаднамалар дайындалып, ақпарат берілді.

Психологиялық ағарту жұмысы барлық білім беру процесінің қатысушыларымен атқарылды.

Психопрофилактикалық жұмыс жеке балалармен, балалар тобымен, сыныппен, сол сияқты мұғалімдермен, ата-аналармен және баланы дамуына,

дүниетанымына әсер ететін басқа да адамдармен жүргізілді. Қатысушыларға консультациялар өткізіліп, әңгімелер жүргізілді, оқыту, дамыту және тәрбиелеу мәселелерінде көмек көрсетіліп, ұсыныстар берілді.

Кәсіби бағдар мен мамандық таңдауға психологиялық дайындықты қалыптастыруды диагностика, оқушыларға жеке кәсіптік кеңес беру, ата-аналар мен педагогтарға кәсіптік бағдар беру мақсатында кеңес беру жұмыстары арқылы жүзеге асырылады. Кешенді әдістеме: Дж. Голланд «Кәсіби бейімделу», Е.А. Климов «Дифференциалды диагностикалау» «Оқу мотивациясы» (сауалнама) диагностикаларын жүргізу арқылы оқушылардың жеке икемділіктерін, қызығушылығын, кәсіптік ынтасы анықталды. Оқушылардың қабілеттерін, кәсіптерді дербес және саналы таңдауын қалыптастыруға ықпал ету мақсатында тренингтік кәсіптік бағдар беру сабақтары жүргізіледі.

Мамандық таңдауда психологиялық қызмет оқушыларға, олардың ата-аналарына, педагогтерге көптеген мәселелерді шешуге көмектеседі. Оқушылардың жекелік қасиеттерін диагностикалап, зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып олардың күнделікті дамуына ықпал жасайтын іс-шаралар жүргізіледі. Әрбір оқушының қабілеттілігі мен бейімділігін ескере отырып, кәсіптік қызығуы мен қабілеттілігін қалыптастыруға «Мамандық еліне саяхат», «Мен таңдаған мамандық», «Бейіміне қарай мамандық таңдау» атты тренингтер, «Болашақ мамандықты балалық шақта жоспарлау - функционалды сауаттылық кепілі», «ҰБТ-да балаға психологиялық қолдау көрсету» тақырыптарында ата-аналарға арналған іс-шаралар жүргізілді.

Өз білімін арттыру мақсатында қалалық және облыстық деңгейде өткізілетін барлық семинарларға қатысамыз.

#### **Психологиялық қызметтің атқарған жұмысы туралы статистикалық ақпарат**

№	Жұмыс түрі	2021-2022	2022-2023	2023-2024
1	Топтық зерттеу саны	72	34	23
2	Жеке зерттеу саны	36	33	14
3	Топтық сабақтар саны	57	31	16
4	Жеке сабақтар саны	55	23	14
5	Топтық консультациялар саны	35	52	17
6	Мұғалімдермен консультация	26	35	18
7	Оқушылармен консультация	34	32	14
8	Ата-аналармен консультация	19	21	11

Қорытынды: Психологиялық қызмет - оқу, тәрбие және даму мәселелері жөнінде оқушыларға, олардың ата-аналарына, педагог қызметкерлерге және

басқа оқу үрдісіне қатысушыларға нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады.

Келешекте оқушыларды даму мен оқу тәрбиелеу процесін психологиялық қамтамасыз ету жұмысын жалғастырып, білім беру жүйесінің барлық субъектілеріне қажетті психологиялық көмек беру мақсатында барлық бағыттар бойынша жұмыс жасалынады.

Директордың м.а.  А.Т.Абдуалиева

